



ТҰРПАҚ – ҚАЗАЛЫ

№37
(2312)
Сәрсенбі
28 мамыр
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ТӘРБИЕЛІ, БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Ауданымызда оқу жылының аяқталуы және мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасы құндылықтарын сақтау мен бала тәрбиесі, басқа да өзекті мәселелерге қатысты кеңейтілген мәжіліс өтті.

Мәжіліске аудан прокуроры Дарын Әбіш, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, аудандық мәслихаттың депутаттары, мекемелер мен кәсіпорындарының басшылары, қала, кент, ауылдық округтерінің әкімдері, аудандық қоғамдық, ардагерлер, әйелдер кеңестерінің төрағалары, ата-аналар комитетінің өкілдері, аудандағы білім беру ұйымдарының басшылары мен мектеп бітіруші сыныптардың сынып жетекшілері қатысты.

Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Тәрбиелі, білімді ұрпақ – жарқын болашақ» атты тақырыппен өткен жиынға аудан әкімі Мейрамбек

Шермағанбет төрағалық етіп, ауданның білім саласындағы өзекті мәселелері мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған жұмыстарға тоқталды.

- Қай қоғамда болмасын, қашанда ұрпақ тәрбиесі – өте өзекті. Бүгінгі таңда елімізде Мемлекет басшысынан бастап ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріп, білім беруші мен білім алушыға мүмкіндігінше жағдай жасап, сапалы біліммен қатар саналы тәрбие беру бағытында жалпы ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін түрлі шараларды қабылдауда. Бүгінгі ұрпаққа сапалы біліммен қатар, саналы тәрбие беру – қоғамның басты міндеті. Ал, ендігі біздің міндет қоғам болып баланың бойына сапалы біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңірту, балалардың түрлі құқықбұзушылықтар мен зиянды әрекеттерге баруына жол бермеу бағытында бірлесе, жауапкершілікпен жұмыс істеу. Қай заманда, қай қоғамда болсын бала тәрбиесі отбасындағы негізгі құндылық болып саналған. Әрине, баланы ортаға бейімдеу, тәлім-

тәрбие беруде мектептің рөлі үлкен. Сондықтан мектеп-бала-ата-ана үштігі үйлесімді, тығыз жұмыс істеп, әр баланың тәрбиесімен тікелей айналысуы керек. Демек, бала тәрбиесінде ата-ананың жауапкершілігін күшейту керек, - деді аудан әкімі.

Кеңейтілген мәжілісте аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов білім саласында сапалы білім мен саналы тәрбие беру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы атқарылып жатқан шаралар туралы, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Алтынбек Қалиев суға түсу маусымындағы атқарылып жатқан жұмыстар және қауіпсіздік шаралары бағытындағы жұмыстар жайында баяндама жасады.

Сондай-ақ, мәжілісте аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов пен білім беру саласының ардагері, аудандық әжелер алқасының төрайымы

Ұлдай Рашева отбасы құндылықтары, отбасындағы балаға тәрбие берудегі ата-ананың рөлі жайында сөз қозғап, ұрпақ тәрбиесіне қатысты өз ақыл-кеңестері мен ұсыныстарын айтты.

Мәжіліс соңында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру, суға түсу маусымы кезінде оқушылар мен балалардың қауіпсіздігіне баса назар аудару, барлық қала, кент және ауылдық округтерде жасөспірімдердің қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға байланысты ауыл әкімі, мектеп директоры, учаскелік полиция инспекторы, ардагерлер, әйелдер және қоғамдастық мүшелері, белсенді жастар мен жоғарғы сынып оқушылары мен олардың ата-аналарының қатысуымен арнайы жиын өткізіп, түнгі рейдтік шаралардың жұмысын күшейту, демалыс уақытында балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстап, ата-аналармен тығыз байланыста болу және өзге де өзекті мәселелер жөнінде тиісті сала басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

МӘДЕНИЕТ – МӘҢГІЛІК МҰРА

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің қатысуымен Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай мерекелік шара өтті. «Мәдениет – мәңгілік мұра» атты мерекелік шараға сала қызметкерлері мен ардагерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аудан басшысы жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтап, олардың мәдениет саласындағы жетістіктері мен алдағы жоспарланған жұмыстары жайында айтып өтті.

-«Баршаңызды Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жыл сайын өңірімізде мәдениет саласында мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, аймақ басшысының қолдауымен ауқымды жобалар жүзеге асырылып келеді. Мәселен, Қазалы ауданында жақында ғана Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесі аясында «Руханият орталығы» ғимараты



пайдалануға берілсе, мереке аясында аудан тұрғындары мен қонақтары абаттандыру және құрылыс жұмыстары жүргізілген Қазалы мәдени-демалыс кешенінің жұмысымен танысты. Мұнан бөлек, былтыр «Кәукей» аулындағы 100 орындық жаңа клубты ауыл тұрғындарының игілігіне пайдалануға берсек,

жыл соңына дейін «Майдакөл» аулында 100 орындық клуб құрылысын толықтай аяқтап, ауыл халқының игілігіне пайдалануға бергелі отырмыз. Мұнан басқа да салада жоспарланған жұмыстар жетерлік.

Осы бір айтулы мереке күні мәдениет пен өнер

саласының барша өкілдеріне, әсіресе, мәдениетіміз бен өнерімізді өрістету жолында аянбай еңбек еткен аға ұрпаққа шынайы алғысымды білдіремін. Ел мәдениетінің одан әрі гүлденуіне, өнеріміздің асқақтауына қызмет етіп, халқымызды шығармашылық табыстарыңызбен қуанта беріңіздер!», - деді аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет.

Мерекелік шарада мәдениет саласында елеулі еңбек етіп жүрген бірқатар сала қызметкерлері мен ардагерлеріне Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат Министрлігінің Құрмет грамотасы, Қазалы ауданының Құрмет грамотасы және облыс әкімі мен аудан әкімінің «Алғыс хаттары» табысталды.

Салтанатты шара облыстық, республикалық, халықаралық байқауларда жетістіктерге жетіп жүрген өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК, ӘДІЛДІК ПЕН БЕЙТАРАПТЫҚ КЕПІЛІ

Қазіргі қоғамда гендерлік теңдік мәселесі барлық салада өзектілігін жоғалтқан емес. Бұл, әсіресе, сот жүйесі сияқты әділдік пен құқық үстемдігіне негізделген салада айрықша маңызды. Сот саласында әйелдер мен ерлердің тең мүмкіндіктерге ие болуы – заң үстемдігі мен қоғамның сенімін қамтамасыз етудің басты алғышарттарының бірі.

Сот жүйесі – азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғайтын, әділдікті қамтамасыз ететін негізгі мемлекеттік құрылым. Бұл жүйеде қызмет ететін мамандардың біліктілігімен қатар, гендерлік теңдігі де шешуші рөл атқарады. Әйелдердің сот саласына кеңінен тартылуы – шешім қабылдау үдерісінде әртүрлі

көзқарастың ескерілуіне мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде әділ және жан-жақты шешім шығаруға ықпал етеді.

Қазақстанда соңғы жылдары сот саласындағы гендерлік теңдік бағытында оң өзгерістер байқалуда.

Мысалы: Судьялар құрамында әйелдердің үлесі артып келеді. 2024 жылғы деректерге сәйкес, Қазақстан судьяларының шамамен 47%-ын әйелдер құрайды;

Әйел судьялар аудандық соттарда ғана емес, облыстық және Жоғарғы Сот деңгейінде де қызмет атқаруда.

Әйелдердің құқықтық сауаттылығы мен кәсіби дайындығының артуы олардың сот жүйесіне белсенді араласуына мүмкіндік беруде.

Алайда, шешімін күткен

мәселелер де бар: Басшылық лауазымдарда, әсіресе жоғарғы буындарда, әйелдер саны әлі де төмен. Қызметте ілгерілеу барысында гендерлік стереотиптер кездесуі мүмкін.

Сот саласындағы жұмыс жүктемесі мен жауапкершілік деңгейі әйелдер үшін отбасылық өмір мен мансапты қатар алып жүруге қиындық туғырады.

Сот жүйесінде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Көшбасшылыққа тең қол жеткізу – әйелдердің жоғары лауазымдарға тағайындалуына жағдай жасау;

2. Гендерлік оқыту – судьялар мен сот қызметкерлеріне гендерлік теңдік туралы тренингтер өткізу;

3. Стереотиптермен күрес – қоғам мен кәсіби ортада әйел судьялар туралы қалыптасқан ескі көзқарастарды өзгерту;

4. Жұмыс пен отбасын үйлестіруге қолдау – икемді жұмыс кестесі, бала күтіміне байланысты жағдай жасау.

Сот жүйесіндегі гендерлік теңдік – бұл тек әйелдердің құқықтары емес, жалпы әділдік пен құқықтың салтанат құруының кепілі. Ер мен әйелдің тең құқықта қызмет етуі – сот төрелігінің әділдігіне, бейтараптығына және қоғам сеніміне тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар үздіксіз жүргізілуі тиіс.

Ақбөпе АЙМАХАНОВА,
Қазалы аудандық сотының
бас маман-сот
отырысының хатшысы

● **Хабарландыру**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ ЖӨНІНДЕ ТҮСІНДІРМЕ

2025 жылғы 21 мамырдан бастап Business.enbek.kz порталында «Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға» 1-лек бойынша өтінімдер қабылдау басталады.

Мемлекеттік грант 400 АЕК (1 572 800 теңге) құрайды және нысаналы мақсаты жаңа бизнесті іске қосу және дамыту болып табылатын өтеусіз негізде тек бір рет қана беріледі.

Гранттар қаражаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Грантқа қатысуға өтінім беруге үміткерлер:

- атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- Көпбалалы отбасы мүшесі (жұбайы / зайыбы);

- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушылар;

- қоныс аударушылар;

- қандастар;

- еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдар;

- мүгедектігі бар бала (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған адамдар және (немесе) оның жұбайы (зайыбы).

Егер де аталған санаттың бірі болған жағдай да:

- Жұмыссыз немесе 3 жылға дейінгі жеке кәсіпкер болуы шарт.

- «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқу курсы аяқтау;

- порталда тіркелу;

- грант алу шарттарына сәйкестігін тексеруден өту;

- бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және

порталға жүктеу;

- өтініш формасын толтырып, ЭЦҚ кілтімен қол қою керек.

Грантты: қажетті құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, малдарды, жануарларды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеуге алуға болады.

Гранттар: тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

Толық мағлұмат алу үшін бөлімнің 21-9-75 байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

«Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 29 маусымда өтетін Қазалы ауданы, «Арықбалық» ауылдық округінің әкімін төте сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері.

Таралымы -11227 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны -120 теңге.

Үгіт –насихат материалдары 2025 жылдың 8 маусымы күні сағат 18-00-ден кейін басталып, 2025 жылдың 27 маусым аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй
Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49, 8(72438) 26-0-94
E.mail: tooturankazaly@mail.ru

● **Маманның кеңесі**

ДЕРМАТОМИКОЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Дерматомикоз – бұл микроскопиялық саңырауқұлақтар тудыратын жұқпалы тері ауруы. Саңырауқұлақтар денені, аяқ-қолды, шашты, бастың бет-бөлігін зақымдайды. Ауру науқас адаммен, жануарлармен тікелей қарым-қатынаста болған жағдайда немесе науқас адамның заттарын қолданған кезде жұғады. Берілу жолдары: қарым-қатынас жасағанда, шаш, жүн, бас киім, төсек жабдықтары, тарақ, қайшы және тұрмыста қолданылатын заттар арқылы.

Аурудың инкубациялық кезеңі 1 аптадан 1 айға дейінгі аралықты құрайды. Дерматомикоз ауруының зақымдануының белгілері қоздырғыштың түріне және зақымдану орнына байланысты:

- шашының түсуі мен терінің қабыршақталуымен бірге жүретін бас терісінде бөртпе пайда болады;

- тегіс теріде дөңгелектенген айқын шекаралары бар, шеттері көтерілген қабын дақтары пайда болады. Зақымданған ошақтың ортасында құрғақтанған қабыршықтар болуы мүмкін.

Науқастың жағдайы нашарлап, әлсізденеді. Уақытында дәрігерге қаралмау аурудың созылмалы түріне айналып, ары қарай емдеуді қиындатуы мүмкін.

Балалар ұйымдарында дерматомикоздың алдын алуға науқастарды ерте анықтау, оларды оқшаулау, сонымен қатар уақытылы емдеу мен жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау маңызды орын алады. Дерматомикоз ауруының

алдын алу үшін:

• ешқашан бөгде адамның киімін, бас және аяқ киімін пайдаланбау;

• сүлгіні және төсек жабдықтарын ыстық суда жиі жуу, ыстық үтікпен міндетті түрде үтіктеу;

• тарақты таза ұстап, басқаларға қолдануға бермеу;

• с а н и т а р и я л ы қ қағидаларға сай профилактикалық заласыздандырылу жұмыстары жиі жүргізіліп тұратын моншаларға, сауналарға, жүзу бассейндеріне және спортзалдарға бару;

• үйге қаңғырғанмысықтар мен иттерді кіргізбеу, жануарлармен қарым-қатынастан, құм алаңдарындағы ойыннан кейін қолды мұқият жуу;

• ата-аналары балаларына қол жуу қағидаларын үйрету,

қаңғыбас жануарлармен ойнамауды ескерту;

• үй мысықтары мен иттерде аурудың алғашқы белгілері пайда болысымен-ақ, оларды емдеу үшін ветеринариялық дәрігерге көрсету.

Егер денеңізде аурудың белгілері, атап айтқанда денеңізде қабыршақтанған қызыл дақты, шашыңыз сынып түсе бастағанын байқасаңыз, дереу тұрғылықты дерматолог дәрігерге қаралыңыз.

К.РАЙСОВА,
ҚР ДСМ СЭБК РМК
«Ұлттық сараптама орталығы»
ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының
Қазалы аудандық бөлімшесінің
залалсыздандыру бөлімінің дезинструкторы

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ



Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң мемлекеттік рәміздері – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің басты белгілері. Олар халқымыздың өткені мен бүгініне, болашағына деген сенімін, ұлттық болмысын бейнелейді. Қазақстанда мемлекеттік рәміздер 1992 жылы 4 маусымда алғаш рет бекітілді. Бұл күн елімізде «Мемлекеттік рәміздер күні» ретінде аталып өтеді.

Мемлекеттік Ту. Қазақстанның көгілдір түсті туының авторы – белгілі суретші Шәкен Ниязбеков. Тудың негізгі түсі – көк, бұл ашық аспанды, бейбітшілікті, тыныштық пен тұрақтылықты білдіреді. Ортасындағы алтын күн – өмір мен энергияның белгісі, ал астындағы қыран құс – тәуелсіздік пен биік мақсаттардың нышаны. Сабының бойындағы ұлттық өрнек – халқымыздың бай мәдениеті мен дәстүрін көрсетеді.

Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбаның авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов. Елтаңба шеңбер түрінде жасалған, ортасында – қазақ үйдің шаңырағы, ол ортақ үйімізді, бірлікті білдіреді. Одан тараған

уықтар күн сәулесіндей айналаға шапағатын шашып тұр. Екі жақта қанатты пырақтар – батылдың, сенімділіктің, еркіндіктің белгісі. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында «QAZAQSTAN» деген жазу бар.

Мемлекеттік Әнұран. Қазіргі мемлекеттік Әнұран 2006 жылы қабылданды. Ол кең танымал болған «Менің Қазақстаным» әнінің негізінде жазылды. Әннің авторлары – композитор Шәмші Қалдаяқов пен ақын Жүмекен Нәжімеденов. Әнұран мәтініне Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі де өзгерістер енгізді. Әнұран – халқымыздың жүрегінде отансүйгіштік сезімін оятып, елімізге деген мақтаныш пен сенімді арттырады.

Мемлекеттік рәміздер – әр азамат үшін қасиетті нышан. Оларды қадірлеу – біздің борышымыз, өйткені олар арқылы біз халқымыздың тарихын, мәдениетін, ұлы армандарын танып, құрметтейміз. Рәміздерімізді құрметтеу – елімізді құрметтеу, өз болашағымызға сену.

Руслан АБАЕВ,
Қазалы аудандық соты әкімшісінің жетекші маманы

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттардың депутаттары, аудандық қоғамдық және ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері, ғасыр жасаған майдангер

ТОБАБЕРГЕНОВ ТІЛЕУБЕРГЕН ТОБАБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына орны толмас ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Сұрапыл соғыста оқ пен оттың ортасында жүріп, жеңісті жақындатуға және соғыстан кейінгі қиын кезеңдерде ел экономикасының дамуына өзіндік үлесін қосқан қарт майдангердің есімі біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын!

АРЫНА ДАҚ ТҮСІРМЕГЕН ОФИЦЕР

39 жыл ғұмыр кешіп, оның 19 жылын қоғамдық тәртіп сақшылығына арнап үлгірген милиция капитаны Бақтыберлин Сейітқали Ұлықпан ұлының есімі оның өмірден өткеніне 31 жыл өтсе де қызметтестерінің әлі күнге естерінде.

1955 жылдың 4 тамызында Қарағандықаласында белгілі заңгер Ұлықпан есімді азаматтың отбасында екінші перзенті болып дүниеге келген Сейітқали сүп-сүйкімді болып өседі. 1962 жылдың 1-ші қыркүйегінде №420 темір жол мектебінің т а б а л д ы р ы ғы н аттаған ол 1972 жылы аталмыш оқу орнынан онжылдық білім алады. 1973-1975 жылдары Германияның Риза қаласында әскери борышын өтеп, полк командирінің құрмет грамотасымен, саяси әскери мінездемесімен, кіші сержант шенімен елге оралады.

Аудандық комсомол комитеті мен әскери комиссариаттың ж о л д а м а с ы м е н Сейітқали 1975 жылы 12-ші тамыз күні облыстық ішкі істер басқармасының бұйрығымен Қазалы аудандық ішкі істер бөліміне милиционер болып қызметке орналасады. Және Қарағанды қаласындағы арнаулы милиция мектебінің үш айлық дайындық курсынан дәріс алады.

Алғыр, шымыр денелі кіші сержант алғаш қызметке орналасқан уақыттан бастап өзінің ізденімпаздығын, қызметіне берілген адалдығын іс жүзінде дәлелдейді. Бөлімдегі комсомол комитетінің бюро мүшесі әрі кіші оперативтік қызметкер атағын иеленіп, озаттар қатарынан көрініп, «Озаттар тақтасына» суреті ілініп, сол кездері кез келген қызметкерге бұйыра бермейтін

КПСС мүшелігіне қабылданды.

Сейітқали Алматы қаласындағы милицияның арнаулы мектебіне 1978 жылы оқуға түсіп, оны 1980 жылы ойдағыдай аяқтап, аудандағы қызметіне лейтенант шенімен кіріседі. Және сол жылы қарағандылық Күләш есімді сүйкімді бойжеткенмен тіл табысып, Алматыдан арнаулы оқу орнының дипломымен қоса өмірлік жарында елге әкеліп отбасы мүшелерін үлкен қуанышқа кенелтеді.

Офицер шенін иеленген Сейітқали Қазалы қаласында учаскелік инспектор, ішкі істер бөлімінде о п е р а т и в т і к кезекші, паспорт столының инспекторы қызметтерін тиянақтылықпен адал атқарғанының біз тірі куәсіміз.

Ерен еңбектері басшылар тарапынан әр кездері ескеріліп «Мінсіз қызметі үшін» III-II-I дәрежелі медальдарымен және «КСРО милициясының үздігі» төс белгісімен, Алғыс хаттармен, мақтау грамотасымен, бағалы сыйлықтармен марапатталып, капитан шенін алып озаттар қатарынан көрінді.

Сейітқалидың заңгер отбасынан шыққанын жоғарыда айттық. Ал анасы Ұрпатша вагон депосында жұмыс істеген.

Ұлықпан мен Ұрпатшадан Сейітқасым, Сейітқали, Сейітжан есімді ер балдары мен Айжан, Іңкәр есімді қыздары дүниеге келген. Әкесі 1971 жылы 51 жасында, ал аналары 2010 жылы 80 жасында дүниеден озған.

Сейітқалидың қызмет бабындағы деректеріне зер салсақ қауіпті қылмыскерлерді ұстау, әшкерелеудің 13 операциясына қатысыпты. Соның ішінде Қазалы қаласында м а с к ү н е м д е р қатарында жүрген Вахлаков, Костин,

Мор, Айкон есімді қылмыскерлерді әшкерелеу, оларды тұтқындаудағы Сейітқалидың оперативтік шеберлігі бөлек әңгіме.

Сейітқали Ұлықпанұлы өз қызметін ерекше сүйетін және өте беріліп сауатты түрде атқаратын. Формалы киім киісі, жүріс-тұрысы, адамдарды өзіне тарта білу тәсілінен ерекшелік көрініп тұратын. Мінезі көркем, кішіпейіл, қ а р а п а й ы м , әріптестерінің ортасында сыйлы болды. Мәшәмбаев Қасымхан, Күртебаев Жеңіс, Бекмұрзаев Бұрқан, Суханов Қуантай, Жарбосынов Мұхыраж және осы мақаланың авторы, тағы басқалармен өте жақсы қарым қатынаста болды. Ұжымына сыйлы, автоматтан, пистолеттен көздеп оқ атудың шебері еді.

Барлық ісін ақылмен, сабырмен атқаратын сарбаздың бірі де бірегейі болатын.

Кейіпкеріміз Сейітқали мен Күләштан Райхан, Сәния, Сарқыт есімді үш қыз бен Бақытқали есімді ер бала бар. Олар Қарағанды қаласында әртүрлі қызмет саласында еңбек етіп жүр.

Қазалының озат сақшыларының бірі - әріптесіміз Сейітқали Ұлықпанұлы 1994 жылы 22-ші желтоқсан күні ұзаққа созылған науқастан 39 жасында қайтыс болды.

Ол арына дақ түсірмеген офицер еді.

Артында қалған бауырлары, туыстары осы жылдың 25-ші мамыры күні оған ас беріп, құран бағыштады.

Орнында бар оңалар деген осы да.

**Беганыш
ЖАҚСЫБАЙ,**
Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігінің Құрметті ардагері белгісінің иегері, Әйтеке би кенті

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

15 мамырдан бастап «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына өтінім қабылдау ресми түрде басталды.

Бұл байқау – жылдар бойы қалыптасқан ізгі дәстүрге айналған, отбасылық құндылықтарды насихаттап, елге үлгі болар жанұяларды қолдауға бағытталған жоба.

Байқаудың мәні неде?

«Мерейлі отбасы» – еңбекқорлықты, үлкенге құрметті, Отанға сүйіспеншілікті және білімге құштарлықты ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келе жатқан отбасыларды анықтайды. Бұл – өзара түсіністік пен сыйластық салтанат құрған отбасылар туралы байқау.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім келесі құжаттармен бірге аудандық комиссияға 15 мамырдан бастап қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

1. Ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2. Асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін — жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3. Неке кию туралы куәліктің көшірмесі;

4. Ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда қайтыс болу ту-

ралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

5. Балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6. Заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7. Отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8. Қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері.

Ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін отбасылар ұсынған түпнұсқалар негізінде аудандық комиссияның төрағасы куәландырады.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысу үшін 2025 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін өтінімдер Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхаммедұлы көшесі, 130, Қазалы аудандық қоғамдық даму бөлімінде қабылданады.

Толық ақпарат алу үшін 79-2-80, (6921) телефоны арқылы хабарласуға болады. Құжаттарды қабылдаудың соңғы күні 2025 жылдың 14 маусымы.

● Хабарландыру

2025 жылдың 3 маусым күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXIX сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібіне төмендегідей мәселелер ұсынылады:

1. «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №347 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2. Әйтеке би кентінің кейбір көшелеріне қайта атау беру туралы.

Сонымен қатар, сағат 15:30-да аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

ЖҰҚПАЛЫ ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жұқпалы жіті ішек инфекциясы ас қорыту жолын зақымдайтын жұқпалы аурулардың тобы. Оның пайда болуына микроағзалардың бактерия, вирус түрлері себеп. Жұқпалы жіті ішек инфекциясының тобына-дизентерия, іш сүзегі, А, В паратифтері, тағамдық токсикоинфекция, сальмонеллез, гастроэнтериттер жатады.

Инфекция көзі науқас адам немесе жіті ішек инфекция қоздырғыштарының тасымалдаушысы. Айналадағы адамдар үшін, аурудың жеңіл, анық байқалмайтын және симптомсыз түрлеріне шалдыққандар өте қауіпті. Микробтар науқастардан және тасымалдаушылардан нәжіс, құсық және зәр арқылы сыртқы ортаға бөлінеді. Жіті ішек инфекцияларының қабылдағыштығы өте жоғары болғандықтан, ересек адамдар мен балалар, әсіресе, 1 жастан 7 жасқа дейінгі балалар ауруға жиі шалдығады.

Ауру негізінен нәжіс арқылы, тамақ, су және ортақ тұрмыс бұйымдарын қолдану арқылы жұғады. Қоздырғыштың ағзаға түскен кезінен бастап ауру белгілері пайда болғанға дейін бірнеше сағаттан 7 күнге дейін уақыт өтеді. Инфекция жұқтырғаннан кейін иммунитет 3-4 айдан 1 жылға дейін тұрақсыз болады, осыған байланысты аурудың қайталануы әбден мүмкін.

Тамақ, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар аурудың берілу факторлары болып табылады. Жіті ішек инфекцияларын таратуда шыбындар үлкен роль атқарады. Сондай-ақ, антисанитарлық жағдайлар, жеке гигиена ережелерін сақтамау, санитарлық ережелерді сақтамай дайындалған тамақ өнімдерін пайдалану жіті ішек инфекцияларын жұқтыруға себеп.

Аурудың алғашқы белгілері:

Іштің жиі су сияқты өтуі, дене қызуының көтерілуі, баланың ана сүтінен бас тартуы, асқа тәбетінің болмауы, шөлдеу, құсу, бас ауруы, жалпы әлсіздік, селкостық, мазасыздық, ауырсыну, дәретінде қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы. Қайталамалы құсық, іш өткен сайын науқастың жағдайы ауырлай түседі. Өйткені, организм өз тіршілігіне қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады.

Жоғарыдағы аталған

клиникалық белгілер пайда бола бастағаннан дәрігерге көріну керек. Өздігінше емделу аурудың асқынуына әкеліп соғуы немесе созылмалы формаларына ұласуы мүмкін.

Жұқпалы жіті ішек инфекциясының алдын алу шаралары:

-Жеке гигиена ережелерін сақтау, тамақ ішердің алдында және дәретханадан шыққаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;

-Су ішу үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;

-Пайдаланудың алдында жеміс пен көкөністі жуып, қайнаған сумен шаю;

-Тамаққа термиялық өңдеуден өткен өнімдерді пайдалану. Тамақты ұзақ, тіпті тоңазытқыштың өзінде ұзақ сақтамау, жарамдылық мерзімі өткен азық-түлікті пайдаланбау, тағамның бетін ашық қалдырмау;

-Шикі өнімдерді өңдеу үшін жеке ас үй жабдықтарын (пышақ және кесу тақтайлары) қолдану. Шикі өнімдерді дайын өнімдерден бөлек сақтау;

-Азық-түліктің сапасына (дәміне, иісіне және сыртқы қалпына), консервілердің жарамдылық мерзіміне назар аудару, ісінген (бомбаждалған) болса пайдаланбау;

-Тек арнайы белгіленген орындарда ғана шомылу. Су қоймаларында және бассейндерде шомылған кезде ауызға судың кетпеуін қадағалау;

-Үйді, ауланы таза ұстау. Ауру тасымалдаушысы -шыбындарға қарсы есік-терезелерді торлау, әртүрлі дәрілерді пайдалана отырып, оларды жою;

-Қосымша тамақ берілетін нәрестелерге ас дайындау кезінде олардың аналарымен тиісті ережелердің қатаң сақталып, бала емізіп отырған аналардың өз тамақтану дағдысына мұқият болу;

Жоғарыда аталған жалпыға мәлім қарапайым ережелерді сақтай отырып, өзіңізді, жақындарыңызды және балаларыңызды жұқпалы жіті ішек инфекциясынан қорғай алатыныңызды естен шығармаңыз!

С.ШҮКІРАЛИЕВА,

Қазалы аудандық

санитариялық –

эпидемиологиялық бақылау

басқармасының

бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.